

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН  
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

БЕКІТІЛДІ

«Марат Оспанов атындағы Батыс  
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ


Басқарманың

2019 жылғы 20- қыркүйектегі


№ 4 хаттама шешімімен

ЕРЕЖЕ

ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫН, ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСКЕРЛЕР  
МЕН ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ТҰЛҒАЛАРДЫ АТТЕСТАТТАУ ТУРАЛЫ

Коды	Басылым	Құрастырған
Е БҚМУ 04-08	Бесінші	Нуранова Д.Д.  <u>20. 09.</u> 2019 ж.

Ақтөбе, 2019


	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 20.09.2019	Басылым: бесінші
	Профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау	Е БҚМУ 04-08	7-беттің 2-беті

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР


- 1.1. Профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Білім беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.
- 1.2. Осы Ереже профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.3. Ереже декан, орталық жетекшісі, кафедра жетекшісі, профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы, ассистент лауазымының штаттағы жұмыскерлеріне қолданылады.
- 1.4. Профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымына қойылатын біліктілік талаптар туралы ережесіне сәйкес өткізіледі.
- 1.5. Профессорлық-оқытушылар құрамы, ғылыми қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтеді. Аттестаттауға қатысқан және ең төмен дауыс жинаған (50%-дан төмен) жұмыскер міндетті түрде қайта аттестаттау рәсімінен өтеді.
- 1.6. Профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудың негізгі мақсаты қызметінің нәтижесі бойынша жұмыскердің лауазымына, біліктілік деңгейіне, кәсібилігіне сәйкестігін, бес жылда бір рет өту мерзімділігімен университет миссиясына, құндылығына және кәсіби мәдениетіне шынайы берілгендігін бағалау болып табылады.
- 1.7. Аттестаттаудың негізгі міндеттері:
  - 1) профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың сапалық деңгейін айқындау;
  - 2) аттестаттау өткізудің әділдігі мен айқындығының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
  - 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау;
  - 4) корпоративтік құндылықтарды сақтау.
- 1.8. Профессор-оқытушылар құрамын (бұдан әрі – ПОҚ), ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ), ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың бос лауазымдарына орналастыру үшін конкурстық комиссияға (бұдан әрі – конкурстық комиссия) жүктеледі.
- 1.9. Конкурстық комиссияның жоқ мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.
- 1.10. Мына жұмыскерлерге аттестаттау өткізілмейді:
  - жүктілігі және босануы бойынша, сондай-ақ бала күтімі бойынша демалыста болғандар;
  - жүктілігі туралы медициналық қорытындыларын (мерзімі 12 аптадан асқан) ұсынған жүкті әйелдер;
  - конкурстан өткіннен кейін, штаттық лауазымды кемінде 5 жыл атқарған жұмыскерлер;
  - сағаттап ақы төлеу немесе қоса атқару жағдайында жұмыс жасайтын жұмыскерлер;
  - зейнеткер жасындағы тұлғалар.
- 1.11. Аттестаттау мынадай бірқатар жүйелі кезеңдерді қамтиды:
  - аттестаттау өткізуге дайындық;
  - әңгімелесу;
  - конкурстық комиссияның шешім шығаруы.

## 2. АТТЕСТАТТАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 2.1. Аттестаттауға жататын жұмыскерлер үшін Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығы шығарылады. Аттестаттауды өткізу кестесін конкурстық комиссия төрағасы бекітеді.
- 2.2. Университет аттестаттауды өткізу мерзімін Сириус ААЖ арқылы хабарлайды.
- 2.3. Профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау жұмыскер қызметінің нәтижесін қорыту негізінде өткізіледі.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 20.09.2019	Басылым: бесінші
	Профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау	Е БҚМУ 04-08	7-беттің 3-беті

- 2.4. Профессор-оқытушылар құрамы аттестаттауға қатысу үшін мынадай құжаттар тапсырады:
- автобиография;
  - растайтын құжаттарды ұсынумен немесе құрылымдық бөлімшенің жетекшісімен куәландырылған жұмыскердің өткен кезеңдегі есебі (оқу, әдістемелік, ғылыми, тәрбие және қоғамдық жұмыс түрлері);
  - ғылыми хатшымен немесе ғылыми жұмыстар жөніндегі департамент жетекшісімен куәландырылған өткен 5 жылдағы ғылыми еңбектер мен өнертабыстардың тізімі;
  - кафедра жетекшісінің/орталық кафедра жетекшісінің тиісті ұсыныстарымен (кафедра жетекшісі/Орталық кафедра жетекшісі және факультет деканы үшін жетекшілік ететін проректордың қорытындысы) қорытындысы.
  - Үздіксіз кәсіби даму орталығында педагогикалық құзыреттілік бойынша жұмыскерлерді аттестаттау қорытындысы;
  - мамандық бойынша тестілеуден/жазбаша емтиханнан өткендігі туралы куәлік;
  - жұмыскер өзін сипаттайтын ақпаратты қосымша ұсынуға құқылы.
- 2.5. Жұмыскер Тестілеу бөлімінде аттестаттау басталарға дейін мамандық бойынша тестілеуден/жазбаша емтиханнан өтуге міндетті. Тестілеу бөлімінің жетекшісі аттестатталушылардың қорытынды нәтижелерін аттестаттау басталарға дейін 3 күннен кешіктірмей конкурстық комиссия хатшысына ұсынады.
- 2.6. Әлеуметтік-психологиялық қолдау бөлімінің жетекшісі аттестатталушы жұмыскерлерге қатысты білім алушылардың сауалнама қорытындылары туралы мәліметті аттестаттау басталарға дейін 3 күннен кешіктірмей конкурстық комиссия хатшысына ұсынады.
- 2.7. Профессор-оқытушылар құрамының құжаттары, аттестаттауға қатысуы университеттің конкурстық комиссия хатшысына ұсынылады.
- 2.8. Персоналды дамыту бөлімі аттестаттаудан өткізу басталғанға дейін жұмыскерлерді өтетін мерзімдері туралы жазбаша хабардар етеді.
- 2.9. Персоналды дамыту бөлімі аттестаттаудан өтетін жұмыскерге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау парағын рәсімдейді.
- 2.10. Конкурстық комиссия хатшысы жиналған аттестаттау материалдарын конкурстық комиссияға жібереді.
- 2.11. Конкурстық комиссия отырысында хатшы әр кандидатура бойынша тиісті ұсыныстармен құрылымдық бөлімше жетекшісінің қорытындысын жариялайды;
- 2.12. Конкурстық комиссия әңгімелесудің алдында аттестатталушы жұмыскер болмаған кезде ұсынылған материалдарды зерделейді.
- 2.13. Жұмыскермен әңгімелесуден кейін конкурстық комиссия аттестатталушы жұмыскердің қатысуынсыз бюллетендегі әр жұмыскердің тегіне қарама-қарсы тұрған тиісті графаға белгі қою арқылы аттестатталушыға қатысты өз таңдауын («аттестатталды» немесе «аттестатталмады») білдіре отырып қорытынды шешім шығарады.
- 2.14. Конкурстық комиссия хатшысы толтырылған бюллетендердің негізінде дауыс санын есептейді және аттестаттау материалдарына тіркейді.
- 2.15. Конкурстық комиссия хатшысы әр кандидатура бойынша дауыс беру нәтижесін жариялайды.
- 2.16. Конкурстық комиссияның шешімі конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3-і қатысқан кезде заңды деп есептеледі. Конкурстық комиссияға қатысқан мүшелердің 50% астам даусын жинаған жұмыскер аттестатталған болып есептеледі;
- 2.17. Дауыс беру кезінде дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 2.18. Конкурстық комиссияның шешімі осы Ережені сақтай отырып қабылданған болса ашық дауыс беру арқылы қабылданған осы шешім түпкілікті болып табылады.
- 2.19. Конкурстық комиссия дауыс беру нәтижелері бойынша әрбір аттестатталушы жұмыскер жөнінде «аттестатталды» немесе «аттестатталмады» тұжырымдамасымен ұсыныстар қабылдайды.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 20.09.2019	Басылым: бесінші
	Профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау	Е БҚМУ 04-08	7-беттің 4-беті

- 2.20. Аттестатталушы аттестаттау комиссиясының отырысына дәлелді себептермен келмеген жағдайда, оның аттестаттау мәселесін қарау аттестаттаудан өтудің неғұрлым кешірек мерзіміне ауыстырылады.
- 2.21. Аттестатталушы аттестаттауға дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда жұмыскер аттестатталмады деп есептеледі.
- 2.22. Жұмыскер «аттестатталмаған» жағдайда 3 айдан кешіктірмей қайта аттестаттаудан өтеді.
- 2.23. Қайта аттестаттауды өткізгеннен кейін конкурстық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:
- 1) аттестатталды;
  - 2) аттестатталмады.
- 2.24. Конкурстық комиссия жұмыскердің атқаратын лауазымына сәйкес келмеуі туралы шешім қабылдаған кезде оған Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 52-бабы 1-тармағының 4) тармақшасындағы әрекеттер қолданылады.
- 2.25. Конкурстық комиссияның шешімі отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.
- 2.26. Аттестаттау комиссиясының шешімін айлық мерзімде Университеттің Басқарма төрағасы-Ректор бекітеді.
- 2.27. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия шешімдерінің қорытындыларымен 7 жұмыс күнінен кешіктірмей таныстырады.
- 2.28. Аттестаттаудан өткен жұмыскердің аттестаттау парағы мен оған берілген қызметтік мінездемесі жеке іс-қағазында сақталады.
- 2.29. Аттестаттау комиссиясының бекітілген шешімдері аттестаттау парақтарына енгізіледі.

### 3. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Аттестаттаудан соң жұмыскерлер конкурстық комиссия қорытындыларымен танысқаннан кейін 3 күн кешіктірмей Басқарма төрағасы-Ректорға жүгіну арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте конкурстық комиссияның шешіміне шағымдануға құқылы.
- 3.2. Басқарма төрағасы-Ректор конкурстық комиссияның шешіміне қатысты келіп түскен шағымды қарастырады және осы Ереженің бұзылғанын анықтаған жағдайда тиісті шешім қабылдайды.
- 3.3. Конкурстық комиссияның бұрын қабылдаған шешімі күшін жойған жағдайда апелляцияға берген жұмыскердің қатысуымен отырыс рәсімі қайта өткізіледі.
- 3.4. Университеттің Басқарма төрағасы-Ректордың қабылдаған шешімі конкурстық комиссияның өз отырысында бұрынғы құрамда қаралады. Осы отырыста конкурстық комиссия бұрын қабылданған шешімнің күшін жоя алмайды және жаңасын шығара алмайды.
- 3.5. Аттестаттауды өткізгеннен кейін конкурстық комиссияның хатшысы хаттаманы және комиссия шешімін толтырады, университеттің Басқарма төрағасы-Ректор мен апелляцияға берген жұмыскердің қабылдаған шешімі туралы комиссияны хабардар етеді.





«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ

Күні:  
20.09.2019

Басылым:  
бесінші

Профессор-оқытушылар құрамын,  
ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген  
тұлғаларды аттестаттау

Е БҚМУ  
04-08

7-беттің  
5-беті

Қосымша 1

### Аттестаттауға жататын жұмыскердің аттестаттау парағы

Аттестаттау түрі: кезекті - ; қайталап -

(қажеттісін X белгісімен белгілеу керек)

1. Тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)

2. Туған күні «\_\_» \_\_\_\_\_ ж.

3. Білімі, біліктілігін арттыру, қайта даярлау туралы мәліметтер (қашан және қандай оқу орнын аяқтады, білімі бойынша мамандығы және біліктілігі, біліктілігін арттыру, қайта даярлау туралы құжаттар, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, берілген күні)

4. Атқаратын лауазымы және тағайындалған күні, біліктілік санаты (разряды)

5. Жалпы еңбек өтілі \_\_\_\_\_

6. Ғылыми-педагогикалық өтілі \_\_\_\_\_

7. Клиникалық өтілі \_\_\_\_\_

6. Конкурстық комиссия мүшелерінің ескертулері мен ұсыныстары:

8. Аттестатталушының қызметтік мінездемесіне сәйкес қызметін тікелей жетекшісінің бағалауы

9. Отырысқа конкурстық комиссияның \_\_\_\_\_ мүшесі қатысты.

10. Есеп комиссиясы шешімінің негізінде конкурстық комиссияның шешімі:

1) аттестатталды (дауыс саны) \_\_\_\_\_

2) аттестатталмады (дауыс саны) \_\_\_\_\_

11. Аттестаттау комиссиясының ұсынымдары (олар беретін дәлелдемелерді көрсете отырып түсіндіру)

Конкурстық комиссияның төрағасы: \_\_\_\_\_ Қолының толық жазылуы  
(қолы)


Конкурстық комиссияның хатшысы: \_\_\_\_\_ Қолының толық жазылуы  
(қолы)

Конкурстық комиссияның мүшелері: \_\_\_\_\_ Қолының толық жазылуы  
(қолы)

\_\_\_\_\_ Қолының толық жазылуы  
(қолы)

\_\_\_\_\_ Қолының толық жазылуы  
(қолы)

\_\_\_\_\_ Қолының толық жазылуы  
(қолы)

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 20.09.2019	Басылым: бесінші
	Профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау	Е БҚМУ 04-08	7-беттің 6-беті

(қолы)

Аттестаттау өткізілген күн « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

Аттестаттау парағымен таныстым: \_\_\_\_\_

(аттестатталушының қолы және күні)

Аттестатталушының пікірі: \_\_\_\_\_

Н Е БҚМУ 04-08-01-19. Аттестаттауға жататын жұмыскердің аттестаттау парағы. Бесінші басылым.

## Қосымша 2

Профессор-оқытушылар құрамын, ғылыми жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау бойынша дауыс беру  
**БЮЛЛЕТЕНІ**

### БЮЛЛЕТЕНЬ

для голосования по аттестации должностей ППС, научных работников и приравненных к ним лиц

\_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_ . 20 \_\_\_\_ г

№	Тегі, аты, әкесінің аты / Ф.И.О.	лауазымы / должность	Дауыс беру нәтижесі / Результат голосования			
			аттестатталған / аттестован		аттестатталмаған / не аттестован	
1						
2						

\_\_\_\_\_ Қолының толық жазылуы /Расшифровка подписи  
қолы / подпись

Н Е БҚМУ 04-08-02-19. Бюллетень. Бесінші басылым.



